

KASE

АПТАЛЫҒЫ

05 – 09 желтоқсан
2022

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2022 жылдың қарашасындағы жұмысының қорытындыларына арналған онлайн баспасөз брифингін [өткізді](#).
- KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Банк ЦентрКредит" АҚ [KZ2C00000545](#) (CCBNb18) облигациялары, Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің [RU000A0JXB41](#) (RU_06_2212) халықаралық облигациялары және "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008027](#) (KFUSb33) облигациялары алынып тасталды
- KASE-де "ТССП Групп" ЖШС [KZ2P00009053](#) (TSSPb2) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де 2023 жылдың мамыр және қараша айларында орындалатын фьючерстерімен сауда-саттық [ашылды](#).
- KASE-де "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ1C00001122](#) (KMGZ) жай акцияларымен, [US0605051046](#) (BAC_KZ) Bank of America Corporation жай акцияларымен, [US6541061031](#) (NKE_KZ) Nike, Inc. төрт атаудағы [жай акциялармен](#) сауда-саттық қайта басталды.
- KASE-де Macy's [US55616P1049](#) (M_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ1C00001122](#) (KMGZ) жай акциялары бойынша KASE төрт мүшесіне маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де, МЕТИКАМ-36 бірінші шығарылымын ([KZKT00000016](#), МТМ036_0001), МЕТИКАМ-48 бірінші шығарылымын ([KZKT00000024](#), МТМ048_0001), МЕТИКАМ-60 бірінші шығарылымын ([KZKT000000032](#), МТМ060_0001) орналастырды және МЕТИКАМ-72 бірінші шығарылым ([KZKT000000040](#), МТМ072_0001) орналастырып, 81,9 млрд теңге тартты
- IPO шеңберінде "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ1C00001122](#) (KMGZ) жай акцияларына KASE жазылу нәтижелері.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008704](#) (KFUSb40), [KZ2C00008928](#) (KFUSb46) және [KZ2C00008951](#) (KFUSb49) облигацияларын орналастыру арқылы KASE-де 29,4 млрд теңге тартты
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы " ЖШС [KZ2P00009160](#) (MFRFb5) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 20,00%-бен орналастыра отырып, KASE-де 10,0 мың теңге тартты
- "Halyk Finance" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ және "BCC Invest" АҚ IPO шеңберінде "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ1C00001122](#) (KMGZ) жай акцияларына жазылу қорытындылары туралы [хабарлайды](#)
- Fitch Қазақстан Республикасының рейтингін "BBB" деңгейінде [растады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#).
- Fitch Ratings агенттігі S&P Global Ratings-ден кейін "Қазақтелеком" АҚ кредиттік рейтингін [растады](#).
- "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ Moody's агенттігі қоғамның рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазақтелеком" АҚ 2021 жылға [KZ0009093241](#) (KZTK) жай және [KZ0009094645](#) (KZTKp) артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- Nostrum OIL&Gas PLC қосымша аңдатпаның жарияланғаны туралы [хабарлады](#).



09.12.2022

KASE Индексі	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
3 163,07		1,8	3,3
Өтімділіктің бірінші сыныбы			
АО "Казакхтелеком"	27 698,00	4,9	0,3
АО "Народный сберегательный банк Ка:	129,89	4,0	9,2
АО "KM GOLD"	179,90	4,0	1,1
АО "КазТрансОйл"	603,01	3,5	11,1
Freedom Holding Corp.	61,48	2,4	18,1
АО "НАК "Казатомпром"	12 800,02	1,9	0,3
АО "Кселл"	1 569,00	1,6	1,3
АО "KEGOC"	1 600,50	1,4	0,5
AT&T Inc.	19,20	0,4	4,9
АО "Казакхтелеком"	21 472,00	0,2	3,2
АО "Баян Сулу"	298,70	0,0	-
АО "Банк ЦентрКредит"	349,17	0,0	0,3
АО "Банк ЦентрКредит"	619,00	-	0,7
АО "ForteBank"	3,59	-	3,0
АО Kaspi.kz	33 855,00	- 1,4	11,2
Meta Platforms, Inc.	115,96	- 3,4	17,1
Yandex N.V.	13 017,00	- 3,6	14,6
PayPal Holdings Inc.	74,73	- 4,3	4,4
VANECK ETF TRUST	18,02	- 5,2	4,3
Advanced Micro Devices, Inc.	70,83	- 7,9	11,2

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Fitch Ratings агенттігі Қазақстан Республикасының шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингін тұрақты болжаммен "BBB" деңгейінде растады. Рейтингті сақтаудың негізгі факторлары сыртқы күйзелістерге төзімділікке ықпал ететін Қазақстанның елеулі сыртқы резервтері болып қала береді.

Өткен аптада KASE баспасөз брифингін өткізді, онда биржалық нарық жұмысының қорытындысы шығарылды. 2022 жылдың 11 айында нарықтың барлық секторларындағы Қазақстандық қор биржасындағы сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты 59 %-ға өсіп, 235 трлн теңгеге немесе 515 млрд АҚШ долларына жетті. Өсім KASE нарығының барлық сегменттерінде байқалды: бағалы қағаздар нарығында – 38 %-ға, ақша нарығында – 62 %-ға, шетел валюталары нарығында – 40 %-ға.

Өткен аптада KASE Индексінің мәні шамалы – 1,8 %-ға 3 170 тармаққа дейін өсті. Бұл өзгерістің негізгі драйверлері Қазақтелеком акциялары болды, олар 4,9 %-ға, Халық банкінің акциялары 4 %-ға өсумен және ҚазТрансОйл акциялары құны 3,5 %-ға ұлғаюмен өсуді көрсетті.

Қазақтелеком KASE-ге 2021 жылдың 15-17 қараша аралығында жай акциялар бойынша жалпы сомасы 38,4 млрд теңгеге бір акцияға 3 590,39 теңге мөлшерінде дивидендтер төленгені туралы хабарлады. Сонымен қатар, 14-18 қараша аралығында 2021 жылға артықшылықты акциялар бойынша жалпы сомасы 717,6 млн теңгеге бір акцияға 3 290,39 теңге мөлшерінде дивидендтер төленді. 2021 жылға артықшылықты акциялар бойынша әр бағалы қағазға 300 теңге мөлшерінде кепілдендірілген дивидендтер 2021 жылдың желтоқсанында төленді. Осылайша, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің жалпы сомасы 2021 жылға бір акцияға 3 590,39 теңгені құрады. Артықшылықты акциялар бойынша 2022 жылға кепілдендірілген дивидендтер әр бағалы қағазға 300 теңге мөлшерінде үстіміздегі айда төленеді.

Соңғы айлардың басты хедлайнері "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы болды. Компанияның жай акцияларына жазылу барысында IPO шеңберінде бастапқы орналастыру кезінде бір акция үшін 8 406 теңге бағамен инвесторлардан жалпы сомасы 181,5 млрд теңгеге 130 мыңға жуық өтім келіп түсті, оның ішінде сатушы акционер – "Самұрық-Қазына" ҰАҚ 153,9 млрд теңгеге өтімдерді қанағаттандырды. Қанағаттандыруға жататын өтімдерді анықтау кезінде қазақстандықтардың өтімдеріне басымдық берілді. Олар толық қанағаттандырылды.

IPO қорытындысы бойынша есептесулер 7 желтоқсанда KASE және AIX-те жүргізілді, бұл ретте орналастырудың жалпы көлемінің 89 %-дан астамы немесе 137,5 млрд теңге KASE арқылы тартылды. IPO аясында "Самұрық-Қазына" қоры Қазмұнайгаздың 18,3 млн-нан астам жай акциясын сатты, бұл компанияның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының шамамен 3 % құрайды.

8 желтоқсанда Астана мен Алматыда Премьер-Министрдің, акциялар эмитентінің, сатушы акционердің және Биржа басшылығының қатысуымен қайталама нарықта ҚазМұнайГаз жай акцияларымен сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шара телекөпірді ұйымдастырумен спутниктік байланыс арқылы үндестірілді. Бірінші сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша KASE-дегі ҚазМұнайГаз акцияларының бағасы IPO бағасына қатысты 5,8 %-ға өсіп, сауда-саттық көлемі 4 млрд теңгеден асты.

KASE Global секторында өткен аптада The Coca-Cola Company, M&T Bank, Bank of America, NVIDIA, QUALCOMM және NIKE жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды. Бұрын бұл акциялармен сауда-саттық дивидендтер төлеу үшін тізілімнің бекітілуіне байланысты тоқтатылды.

Борыштық капиталдың биржалық нарығында ағымдағы жылдың 11 айында KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 1,9 трлн теңгені құрады және өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты 14 %-ға өсті. Өткен аптаға келетін болсақ, қазақстандық тұрақтылық қоры өтеу мерзімі 1 жылдан 7 жылға дейін, өтеуге кірістілігі жылдық 18,04–18,87 %-бен жалпы сомасы 29,4 млрд теңгеге облигациялардың үш шығарылымын KASE-де орналастырды.

МБҚ нарығында Қаржы министрлігі бір апта ішінде жалпы сомасы 81,9 млрд теңгеге 3 жылдан 6 жылға дейінгі және кірістілігі жылдық 15,99 % құрайтын қазынашылық міндеттемелердің төрт шығарылымын орналастырды.


Аптаның тағы бір маңызды оқиғасы - 5 желтоқсанда Ұлттық Банк инфляцияны жеделдету аясында базалық мөлшерлемесі +/- 1 пайыздық тармақ дәлізімен жылдық 16-дан 16,75% - ға дейін 75 базистік тармаққа көтерді.

Өткен апта жетекші елдердің экономикалары бойынша маңызды статистикалық мәліметтермен ерекшеленбеді. АҚШ Еңбек Департаментінің жарияланған ақпаратына сәйкес, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу үшін алғаш рет жүпінген американдықтардың саны, сарапшылар болжағандай, 4 мыңға – 230 мың адамға дейін өсті, бұл Bloomberg сауалнамасына қатысқан. Негізгі американдық және Еуропалық қор индекстері төмендеу динамикасын көрсетті. Ағымдағы аптада қараша айындағы американдық инфляция туралы мәліметтер шығады және 13-14 желтоқсанда Федералды резервтік жүйенің отырысы жоспарланған. Нарық қатысушылары осы отырыста ФРЖ дисконттау мөлшерлемесінің көтерілуі қарқынын төмендетеді деп күтеді.




Мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) бір күнге (TONIA) РЕПО операцияларының кірістілігі 2-9 желтоқсан аралығында жылдық 16,36 %-дан 15,88 %-ға дейін төмендеді. Қаралып отырған кезең үшін бір күн мерзімге АҚШ доллары кепілімен теңге қарыз алу ставкасы (SWAP-1D (USD)) жылдық 16,31 %-дан 15,79 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





9 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындысы бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ долларына 472,14 теңге деңгейінде қалыптасты, бір апта ішінде 0,7 %-ға (468,98-ден) әлсіреді.


Сыртқы валюта нарығында 2-9 желтоқсан аралығында бірқатар маңызды оқиғалар болды. ISM Service индексі – АҚШ-тағы өндірістік емес саладағы іскерлік белсенділіктің көрсеткіші – 56,5 тармаққа дейін өсті, бұл ФРЖ мөлшерлемелерінің агрессивті өсуін және АҚШ долларының нығаюын қолдайды. Канада Банкі ставканы 4,25 %-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады (50 б.т.). Қараша айында АҚШ-та өндірушілердің баға индексі 0,3 % а/а-да өсті, бұл талдаушылардың күткенінен жоғары. Бұл факторлар дамушы нарықтар валюталарының негізінен теріс динамикасына әкелді.

Дамушы елдердің АҚШ долларына қатысты валюта бағамдарының серпіні келесідей қалыптасты:

- Оңтүстік Африка ранды Оңтүстік Африка Президентінің импичмент туралы есепке қарсы шығуға дайын екендігі туралы хабарламалар аясында 0,9 %-ға (17,51-ден 17,35-ке дейін) нығайды;
- Түрік лирасы 0,1 %-ға аздап әлсіреді (18,64-тен 18,65-ке дейін). Бір жарым жылда алғаш рет Түркияда инфляция қарашада баяулап, жылдық 84,4 % құрады, өткен айда бұл көрсеткіш 85,5 % құраған. Түркия Орталық банкінің төрағасы Шахап Кавджиоглу бағаның өсуіне ықпал еткен барлық факторлар артта қалып, қолданыстағы саясат пен бұрын қабылданған шаралардың салдарынан инфляцияның төмендеуі күтілуде деп мәлімдеді;
- Бразилия реалы елдегі фискалдық тұрақтылықтың болашағы туралы алаңдаушылық жағдайында 0,6 %-ға (5,22-ден 5,25-ке дейін) әлсіреді;
- Ресей рублі Еуропалық Одақ, G7 және Австралия елдерінің Ресей мұнайына баға шегін енгізу және оны барреліне 60 доллар деңгейінде белгілеу туралы шешімі аясында 0,7 %-ға әлсіреді (62-ден 62,43-ке дейін);
- Индонезия рупиясы АҚШ-тың күшті экономикалық деректері мен шетелдік капиталдың кетуі аясында 1 %-ға (15 426-дан 15 583-ке дейін) әлсіреді;
- Үнді рупиясы шетелдік капиталдың кетуі аясында 1,2 %-ға (81,32-ден 82,28-ге дейін) әлсіреді;
- Мексикалық песо АҚШ деректерінің шығуы мен капиталдың кетуі аясында 1,9 %-ға (19,4-тен 19,77-ге дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.22)



Бағасы

Δ 7к, %


Δ 30к, %

Δ 2022, %

— GBPKZT	578,18	0,44	7,81	-1,07
— USDKZT	472,14	0,67	1,76	9,38
— EURKZT	498,39	0,94	6,79	1,58
— CNYKZT	67,93	1,71	5,94	0,01
— RUBKZT	7,65	0,79	-0,53	31,20

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	3 934,38	-3,4	5,0	-15,7	-3,4
Dow Jones	33 476,46	-2,8	3,0	-6,4	-2,8
PTC	1 099,12	-0,8	-1,3	-32,7	-0,7
ММББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,7
Hang Seng	19 900,87	6,6	21,7	-18,0	6,3
SS CSI 300	3 998,24	3,3	7,6	-21,3	2,9
Euro Stoxx 50	3 942,62	-0,9	5,8	-6,3	-0,9
FTSEuroFirst	4 619,50	-0,9	5,4	-1,0	-0,9
FTSE 100	7 476,63	-1,1	2,5	2,1	-1,2
KASE	3 163,07	1,8	3,3	-13,1	

Шикізат нарығы

09.12.2022

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	76,10	-11,1	-17,9	2,3
Мұнай (WTI)	71,02	-11,2	-17,3	0,1
Табиғи газ	6,25	-0,6	6,5	63,7
Мыс	387,60	0,7	4,8	-10,5
Темір	820,00	6,7	22,5	29,2
Алтын	1 797,32	0,0	5,3	1,2
Күміс	23,54	2,2	10,4	7,1
Астық	712,75	-3,3	-11,6	-7,9

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

13.12	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қараша)	USD	7,3%	7,7%
14.12	ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	4,5%	4,0%
15.12	Өнеркәсіптік өндіріс көлемі (ж/ж) (қараша)	CNY	3,6%	5,0%
15.12	ЕО көшбасшыларының Саммиті	EUR		
15.12	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт)	EUR	2,5%	2,0%
16.12	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қараша)	EUR	10,0%	10,0%
16.12	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт)	RUB	7,5%	7,5%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	19,6%	01.12.22	18,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	33,9	01.12.22	33,0
Ақша базасы, млрд KZT	11 719,9	01.12.22	12 374,4
Ақша масса, млрд KZT	33 311,6	01.11.22	32 466,1

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 негативті 02.09.22 BBB-/A-3 әлсіз

Moody's

Ваа2/әлсіз 11.08.21 Ваа3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.